Талдық негізгі орта мектебі

# 2023-2024 оқу жылы бойынша әлеуметтік педагогтің жүргізген жұмысы

**Сейтимова Г.Р.**

Талдық ауылы

Scanned with CamScanner

Талдық негізгі орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылы бойынша
әлеуметтік педагогтің жүргізген жұмысы

Мектебіміздің жылдық жоспарына сәйкес қамқоршысынан айырылған,аз қамтылған,көп балалы отбасы балаларын анықтау жұмыстары оқу жылының басында,яғни тамыз-қыркүйек аралығында жүргізілді.Әрбір оқушының әлеуметтік картасы толтырылып,сынып жетекшілер сыныптың әлеуметтік құжатын тапсырды.Осы жұмыстар нәтижесінде мектептің әлеуметтік төлқұжаты жасақталды.Әлеуметтік төлқұжат бойынша АӘК алатын отбасы саны-0,аз қамтылған отбасы саны-0.

**Мектептің әлеуметтік паспорты**

| № | Әлеуметтік санаттар | саны | % |
|---|---|---|---|
| | Барлық оқушылар | 39 | 100% |
| | Отбасы түрі бойынша: | | |
| 1. | Толық отбасылар | 21 | 91% |
| 2. | Толық емес отбасылар | 2 | 9% |
| 3. | Анасы жоқ балалар | 1 | 4,5% |
| 4. | Әкесі жоқ балалар | 1 | 4,5% |
| 5. | Көп балалы отбасы | 13 | 56,5% |
| 6. | Аз қамтамасыз етілген отбасы | жоқ | |
| 7. | Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар | жоқ | |
| 8. | Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар | жоқ | |
| 9. | Азаматтығы жоқ білім алушылар | жоқ | |
| 10. | Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар | жоқ | |
| 11. | Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар | жоқ | |
| 12. | Мектепішілік бақылау есебінде тұрғандар | жоқ | |
| | Ата-аналарының білімі: | | |
| 1. | Жоғары, жоғары білімнен кейінгі | 4 | 17,4% |
| 2. | Техникалық және кәсіптік | 6 | 26,1% |
| 3. | Орта | 13 | 56,5% |

Көп балалы отбасы саны:13, жалпы оқушы саны -25 оқушы.

Scanned with CamScanner

| Оқушы саны: 25 оқушы-12 ұл,13 қыз | | Ата-ана саны | 13 отбасы | 12 |
|---|---|---|---|---|

Толық отбасы саны: 21, жалпы оқушы саны — 37 оқушы.

Толық емес отбасы саны:2,жалпы оқушы саны2.

Мектептің әлеуметтік педагогы жұмысының нәтижесі бойынша мектеп оқушыларының әлеуметтік картасы төмендегідей құрылды.

| № | Мәліметтер | Оқушы саны |
|---|---|---|
| 1 | Жалпы оқушылар саны<br>*Оның ішінде:*<br>Ұл балалар саны<br>Қыз балалар саны<br>Бастауыш сынып оқушылар саны (1-4)<br>Орта буын оқушылар саны (5-9) | 39<br><br>20<br>19<br>17<br>22 |
| 2 | Көп балалы отбасынан шыққан бала саны | 25 |
| 3 | Толық емес отбасында тәрбиеленіп отырған бала саны<br>*Оның ішінде:*<br>Әкесі қайтыс болған:<br>Анасы қайтыс болған:<br>Ата-анасы ажырасқан:<br>Некеде болмаған отбасы баласы:<br>Ата-әжесімен тұратын: | 2<br><br><br>1<br><br>1 |
| 4 | Аз қамтылған отбасында тәрбиеленіп отырған бала саны | - |
| 5 | Сәтсіз отбасында тәрбиеленіп отырған бала саны<br>*Оның ішінде:*<br>Өгей әкесімен тұратын бала саны<br>Өгей анасымен тұратын бала саны | <br><br>2 |
| 6 | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала саны<br>*Оның ішінде:*<br>Патронаттық тәрбиеде<br>Қамқоршылық тәрбиеде | - |
| 7 | Мүмкіндігі шектеулі<br>*Оның ішінде:*<br>Мүгедек бала<br>Үйден оқитын бала | -<br><br>---<br>--- |
| 8 | Есепте тұрған оқушылар саны:<br>*Оның ішінде:*<br>Мектепішілік есепте<br>Аудандық полиция бөлімінде | -<br><br>-<br>- |
| 9 | Дін жолында жүрген отбасы балалар саны | --- |
| 10 | Оқушылардың үйірмелерге қатысымы<br>*Оның ішінде:*<br>Хор<br>Тоғыз құмалақ<br>Волейбол | 31<br><br>8<br>25<br>12 |
| 11 | Ыстық тамақпен қамтылуы:<br>*Оның ішінде:* | 17 |

Scanned with CamScanner

| | 1-4 сынып оқушылары | 17 |
|---|---|---|

**1. Жартылай жетім (ата-анасының бірі қайтыс болған) балалар жөніндегі мәлімет**

| Р/с | Оқушының аты-жөні | Туған күні, айы, жылы | Сынып | Мекен-жайы | Ата-анасы | Жұмыс орны | Мекен жайы, байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Дабыл Диана Асқарбекқызы | 04.07. 2010 | 8 | Ә.Молдагулова көшесі,1үй | Жанбирбаев Асқарбек Дабилович | жүргізуші | 877770881978 |

Толық емес (ата-анасының бірі ажырасқан) отбасы балалары жөніндегі мәлімет

| Р/с | Оқушының аты-жөні | Туған күні, айы, жылы | Сынып | Мекен жайы | Ата-анасы туралы мәлімет |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жәку Ақерке Мaратқызы | 13.11.2012 | 5 | Талдық ауылы Н.Әлдекешов көшесі,№3 үй | Есхожина Жанаргул Сейдахметовна |

Сонымен қатар,әлеуметтік төл-құжат бойынша өгей әкесімен тұратын балалар саны т.с.с. деректер алынды.

**Өгей әкемен тұратын оқушылар жөніндегі мәлімет**

| Р/с | Оқушының аты-жөні | Туған күні, айы, жылы | Мекен жайы | Ата-анасы туралы мәлімет | Жұмыс орны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ералы Ернұр Жандарбекұлы | 1.03.2013 | М.Маметова көшесі, №2 | **Хайруллин Дастан**<br>**Алибекова Гулнара** | Жеке шаруа қожалық иесі<br>үй шаруасында |
| 2 | Ералы Нұрислам Жандарбекұлы | 16.05.2015 | М.Маметова көшесі, №2 | **Хайруллин Дастан**<br>**Алибекова Гулнара** | Жеке шаруа қожалық иесі<br>үй шаруасында |

«Мектепке жол» Республикалық акциясы мектеп оқушыларын жалпыға бірдей міндетті біліммен қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылдың 1 тамыз-30 қыркүйек аралығында өткізіледі.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда,атаулы көмек көрсетуде,азаматтық белсенділік таныта алады.Әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аудара алады.

Акцияның мақсаты: аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға,жетім балаларға,сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.Науқанға кез-келген адам қатыса алады:барлық азаматтар,еріктілер,бизнесмендер,кәсіпкерлер,меценаттар, және т.б

Осы мақсатты басшылыққа ала отырып,Талдық негізгі орта мектебінде «Мектепке жол» Республикалық акциясының іс-шаралары жоспарына сәйкес жұмыс жоспары жасалды. Әкімшілікпен,ата-аналар комитеті мүшелерімен,мектеп мұғалімдерімен бірге отырып жиналыс өткізілді.Жиналыста бекітілген жоспарға сәйкес аз қамтылған отбасы және

Scanned with CamScanner

жартылай жетім балалардың ,көп балалы отбасы балаларының мектепке дайындығын анықтау тапсырылды. «Зерттеу жүргізу актісі» толтырылды.

Қайрақты селолық округі бойынша толық емес 2 отбасынан -2 оқушы,көп балалы отбасынан-25 оқушы,13 отбасы анықталды.Көп балалы отбасынан шыққан 25 оқушы мектепте оқиды.Мектепте өгей әкемен 2 оқушы оқиды.Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушы жоқ.Қажетті құжаттар толық толтырылды.

«Мектепке жол»акциясына Қайрақты селолық округі бойынша барлық кәсіпкерлерге «Мектепке жол» акциясына қатысуға шақырылған «ашық хат» таратылып,хабардар етілді.

«Мектепке жол» жалпы Республикалық акциясы тамыз,қыркүйек айларында өтуіне байланысты Талдық НОББМ толық емес отбасындағы 2 оқушыға демеушілік жасалынды.

Дабыл Дианаға 85000-ға демеушілік жасалынды.Оның ішінде 12000 оқу құралы,73000 мектепке қажетті киімдерге жұмсалынған.

Демеуші : зейнеткер Казбекова Сансұлу.

Жақу Акеркеге 60000 -ға демеушілік жасалынды.Оның ішінде 14000 оқу құралы,46000 мектепке қажетті киімдерге жұмсалынған. Демеуші : «Әбжан» шаруашылық қожалық иесі Алдияров Жұмабек.

Жалпы:145000 теңгеге демеушілік жасалынды.

Талдық НОББМ бір мезгіл буфеттік жүйеде тамақ беріледі.Буфеттік тамақтарды арнайы ұтып алған ИП «Кеншинбаева Г.Р.» жеткізіп беріп отырады.Мектептің буфетке арналған бөлмеде 10 орындық.

2023-2024 оқу жылында 1-4 сыныптардан I жарты жылдықта 17 оқушы,II жарты жылдықта -16 оқушы (көпбалалы отбасынан -10 оқушы,аз қамтылған отбасынан оқушы жоқ) тамақтанды.

Буфет аптасына 5 күн: бірінші және екінші ауысымда жұмыс істейді.Бірінші ауысымда 8 оқушы,екінші ауысымда 9 оқушы тегін тамақтанды.Күнделікті тамақ пен ас мәзірін және оның берілуін мектеп директорының тәрбие ісінің орынбасары Ізбасаров Ж.Е.,медицина қызметкері Туреханова Г.А., әлеуметтік педагог Сейтимова Г.Р. қадағалайды.Тамақтану бірінші ауысымда сағат 9.35-9.45 аралығында, екінші ауысымда сағат 15.35-15.45 аралығында кезекші мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің көмегімен жүзеге асырылады.

Бір балаға арналған тамақтың құны 507(бес жүз жеті) теңге. Мектепте жұмыс жасап отырған буфеттік бөлме санитарлық ереже талабына сай. Жасөспірімдердің тамағының нәрлілігі мен құрамы талапқа сай болуы үнемі басты назарда. Буфеттің ас мәзірінің орны белгіленіп, күнделікті берілетін дәруменді тамақтар мен жеміс мектеп әкімшілігі басшылықта ұстайды. Экологиялық таза сумен қамтылған. Буфеттің жұмыс істеуіне қажетті бұйрықтар шығарылып, тамақтану кестесі жасақталды.

Бракераждық комиссия айына екі рет асханаға мониторинг жүргізіп,мектеп асханасының тазалығын,құрал-жабдықтардың дайындығын,тамақ өнімдерінің жеткізілуін, ыдыстардың, асхана аспаптарының,асхана тазалығын тексеріп отырды.

22 қараша күні 2023 жылы « Зорлық-зомбылық көрген жандарға әлеуметтік көмек » тақырыбында семинар-тренинг өткізілді.

Мақсаты: Зорлық-зомбылық жандардың көңіл-күйін көтеру, психологиялық көмек көрсету.

Тренинг барысы:

1.Сәлемдесу
2.Таныстыру
3.“Қара нүкте”
4.“Сөйлемді аяқта”
5.“Қиял әлемі”
6.Қорытындылау.

Аталған бөлімдер бойынша өткізілді. Тақырып бойынша педагогикалық ағарту жұмыстары жүргізілді.Семинар -тренингке 20 ата-ана қатысты,қатыспағаны 3.

Қорытынды бөлімде бейнеролик көрсетілу арқылы ауызбіршілік пен отбасындағы татулық сыйластыққа негізделіп,ата-ана пікірлері тыңдалынды.Тренинг отбасыға деген игі тілектермен аяқталды.Мәлімет Талдық НОББМ fhstgram парақшасына жарияланды.

Scanned with CamScanner

6-10 желтоқсан 2023 жылы «Буллингке жоқ дей аласың ба?» 5-9 сыныптар арасында сауалнама жұмысы алынды.Сауалнамаға 21 оқушы ( 100 %)  қатысты.Сауалнама 10 сұрақтан тұрды.Сауалнама төмендегі мәтінмен берілді.

Жауаптарға сүйене отырып қорытынды шығарылды . Мектебімізде бір-бірін бопсалауы, қысым көрсету болмаған.  Сауалнаманы өткізетін алдында оқушыларға мысал келтіріп - бұзақы балалар әлсіздерге зәбір көрсетіп, ұялы телефондарын, аяқ киімдерін, киім-кешектерін тартып алдыма және үйінен ақша әкелуді талап ететіндер бар ма деп сұрақтарымызды қойдық. Соңында жасөспірімдердің бір-бірін бопсалауы, қысым көрсетуі құқық бұзушылыққа жатады, қылмыс үстінде ұсталса, ол адам заңмен жазаланады.Мәселен, жасөспірім сыныптасын бопсаласа, ақша талап етсе,10 АЕК көлемінде айыппул төлейді немесе қылмысы дәлелденсе 4 жылға дейін бас бостандығынан айырылады,-деп жәбір көрген адам Заңмен қорғануға болатынын түсіндірдік.  Мектепте жасөспірімдердің бір-бірін бопсалауы, қысым көрсетуі құқық бұзушылықтың алдын алу іс-шаралары үнемі өткізіліп тұрады.

Жаңа жыл мерекесі өткізілді.Барлық сынып толық қатысты.Мереке барысында ата-аналар тарапынан балаларына сыйлықтар дайындалды.





Оқушылардың әлеуметтік картасын жасау

Тексерілген күні: 7 ақпан 2024 ж

Тексеру мақсаты: құжаттар жинау.

Тексеру нәтижесі:
Мектептің әлеуметтік педагогы жұмысының нәтижесі бойынша мектеп оқушыларының әлеуметтік картасы төмендегідей құрылды.

| № | Мәліметтер | Оқушы саны |
|---|---|---|
| 1 | Жалпы оқушылар саны<br>*Оның ішінде:*<br>Ұл балалар саны<br>Қыз балалар саны<br>Бастауыш сынып оқушылар саны (1-4)<br>Орта буын оқушылар саны (5-9) | 37<br><br>18<br>19<br>16<br>21 |
| 2 | Көп балалы отбасынан шыққан бала саны | 27 |
| 3 | Толық емес отбасында тәрбиеленіп отырған бала саны<br>*Оның ішінде:*<br>Әкесі қайтыс болған:<br>Анасы қайтыс болған:<br>Ата-анасы ажырасқан:<br>Некеде болмаған отбасы баласы:<br>Ата-әжесімен тұратын: | 2<br><br><br>1<br><br>1<br> |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| 4 | Аз қамтылған отбасында тәрбиеленіп отырған бала саны | - |
| 5 | Сәтсіз отбасында тәрбиеленіп отырған бала саны<br>*Оның ішінде:*<br>Өгей әкесімен тұратын бала саны<br>Өгей анасымен тұратын бала саны | |
| 6 | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала саны<br>*Оның ішінде:*<br>Патронаттық тәрбиеде<br>Қамқоршылық тәрбиеде | - |
| 7 | Мүмкіндігі шектеулі<br>*Оның ішінде:*<br>Мүгедек бала<br>Үйден оқитын бала | -<br><br>---<br>--- |
| 8 | Есепте тұрған оқушылар саны:<br>*Оның ішінде:*<br>Мектепішілік есепте<br>Аудандық полиция бөлімінде | -<br><br>-<br>- |
| 9 | Дін жолында жүрген отбасы балалар саны | --- |
| 10 | Оқушылардың үйірмелерге қатысымы<br>*Оның ішінде:*<br>Хор<br>Тоғыз құмалақ<br>Волейбол | 30<br><br>8<br>24<br>12 |
| 11 | Ыстық тамақпен қамтылуы:<br>*Оның ішінде:*<br>1-4 сынып оқушылары | 16<br><br>16 |

24 қаңтар 2024 жылы «Буллинг бар ма?» 5-9 сыныптар арасында сауалнама жұмысы алынды.Сауалнамаға 21 оқушы (100%) қатысты.Сауалнама 12 сұрақтан тұрды. Сонымен қатар мектеп ұнайтыны туралы,мектеп тыныш,оқушылар тәртіпті деген жауаптар жазылған.Оқушылар анонимді сауалнамаға өздері еркін, бүкпесіз жауап берген.

25 қаңтар күні 2024жылы«Буфеттік тамақтану» бойынша сауалнама жүргізілді.Сауалнамаға 1-4 сынып бастауыш бойынша тамақтанатын оқушылардың 12 ата-анасы қатысты.Сауалнама 7 сұрақтан тұрды.Ата-аналар төмендегі сұрақтар бойынша жауап берді.

Сауалнама тақырыбы: Сіздің балаңыз мектепте қалай тамақтанады?Тамақ өз уақытында берілетінін кезекші мұғалімдер мен ата-аналар,жауапты мамандар қадағалап отыратынын ескертіп отырды.

Ата-аналар сауалнамаға толық қатысты.Қалыс қалған ата-ана жоқ.Ата-аналар тарапынан тамақтану жөнінде қосымша сұрақтар туындаған жоқ.

15 ақпанда 2024 жылы 8,9 сынып оқушыларымен «Буллинг дегеніміз не?» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді.

**Мақсаты:**Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

Қоғамда зорлық-зомбылықтың болмауына ықпалын тигізу.

Scanned with CamScanner

Балаларға, карттарға барлық адамдарға құрметпен қарау көзқарасын қалыптастыру.

Семинар-тренинг барысында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жан-жақты мәлімет берілді. Қоғам үшін ең бастысы – тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Бірақ сол уайым-қайғысыз бақытты өмірге қол сұғып, қысым көрсетіп, жәбірлеп жататындар бар. Бұл - бүгінгі қоғамның ащы да болса шындығы. Сондықтан шара барысында қызу пікірталас орын алды. Оқушылар бақытты балалық шақтарына саяхат жасап. Зорлық зомбылыққа жол жоқ екендігін ашып айтты.Тренинг барысында буллингтің алдын алу әдістері мен күресу жолдарымен таныстырылды.

Балалар құқығын қорғау – егемен еліміздің асты құндылықтарының бірі екендігін оқушылардың санасына сіңіру.

Арнайы дайындалған презентацияларға кезек беріліп, тақырыптан алған түсініктері мен шарадан алған әсерлерін оқушылар ортаға салды.

6 сыныпта «Сыныптағы қарым-қатынас»тақырыбында сыныптан тыс шара өткізілді.Мақсаты:Оқушылардың қоғамдық ортада өзін-өзі ұстауы,бір-бірімен қарым-қатынасы,тәрбиелі,жан-жақты жеке тұлға қалыптау жолдарымен таныстыру.Буллингке жол бермеу.





Мектебімізде «Жас Өркен»жазғы алаңы жұмыс жасап,өткізілген жұмыстар әлеуметтік желіге жүктелді.Оқушылар демалу барысында психологиялық тренингтерге қатысып,спорттық жарыстар,көңілді ойындар,тәлімді жұмыстарға белсене қатысты.





Талдық НОББМ 8сынып оқушысы Рахмет Нұрайша «Әсем»қала сыртындағы балалар лагерінің III маусымында «Жаздық жолдама бойынша демалды.Лагерішілік шараларға белсене қатысып,өз өнерін көрсетіп,тәрбиелі,тәртіпті болғаны үшін мадақтамамен марапатталынды.Оқушының демалыс сәтінен алған әсері мол.Демалыс кезінде оқушымен,ата-анамен байланыста болып,хабарласып отырылды.Лагерьге апару,алып кету ата-ана тарапынан ұйымдастырылды.

Әлеуметтік педагог: [signature] Сейтимова Г.Р.

Scanned with CamScanner